

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракима» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

Ұ. СӘМЕНҚЫЗЫ¹ *С. ҚҰЛБАРАҚ² Г. САМБЕТОВА³ Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан¹М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан^{2,3}(e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru¹, samen-56@mail.ru²,
qauharsambetova24@gmail.com³)

М.Х. ДУЛАТИ МҰРАЛАРЫ АКАДЕМИК Ә.ДЕРБІСӘЛІ ЗЕРТТЕУІНДЕ

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық көрнекті мемлекет қайраткері, атақты тарихшы, ақын-жазушы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі (1499-1551) мен шығармашылығын зерттеудегі академик Әбсаттар Дербісәлі еңбектерінің ғылыми маңызы мен танымдық-зерттеушілік сипаты қарастырылды. Ол Тәуелсіз Қазақстан ғылымының тарихында алғашқылардың бірі болып, XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап Дулати мұрасын зерттеуде белсенді жұмыс атқарды. Ғалымның ұзақ жылғы ғылыми ізденістерінен кейін Үндістан Республикасы Кашмир штаты Сринагар қаласындағы «Мазар-и салатин» көне қорымынан ұлы баба зираты табылды. Үндістанда, Қазақстан мен Өзбекстанда өткен халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда алғашқылардың бірі болып, «Тарих-и Рашиди» еңбегі мен «Жаһан наме» дастанының қазақ тарихы мен руханиятына қатыстылығы туралы құнды баяндамалар жасады. Дулати еңбектерінің әлемдік және отандық басылымдарда жариялануы мен зерттелуі жөнінде алғашқы библиографиялық-анықтамалық көрсеткішін (1999) құрастырды. Маңызды көрсеткіш дулатитанудағы соңғы зерттеулермен, конференция баяндамаларымен толықтырылып екінші рет басылып шықты (2018). М.Х. Дулатидің «Жаһан наме» дастанын Берлин және Үрімші нұсқаларын салыстыра отырып, қазақ тіліне аударып, транскрипциясын, факсимилиясын жасап, қазақ оқырмандарымен табыстыруы ұлт руханиятындағы үлкен жаңалық болды. Дастанының жазылу тарихы мен шығыс әдебиеті дәстүрімен жалғастығы, тілдік құрамы туралы жазылған «Жақсыдан қалған жәдігер», «Мұхаммед Хайдар – көрнекті руханият және ғылым қайраткері» атты монографиялық зерттеулері, оның авторлығымен құрастырылған «Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақстан ғалымдарының зерттеуінде» атты ғылыми жинақ, үндістандық ғалым Мансура Хайдармен шығармашылық байланыс жасап, «М.Х. Дулати парсы тілді дереккөздерінде» зерттеуін аудартып, бастыртып шығаруы дулатитану ғылымының өрісін кеңейтті. Мақалада Ә.Дербісәлі ғылыми еңбектерінің маңызын анықтауда зерттеушілік-сипаттамалық, тарихи-биографиялық, социологиялық, салыстырмалы-тарихи, мәтінмен жұмыс, талдау және жинақтау, тағы басқа әдістер қолданылды.

Түйін сөздер: М.Х. Дулати, тарихи кезең және тұлғатану, биографиялық анықтамалық, «отбасылық зират».

Кіріспе. Академик Әбсаттар Дербісәлі – қазақ руханияты мен тұлғатану саласында елеулі еңбек сіңірген ғалым. Оның «Әбу Насыр әл-Фараби. Қазақстан және шетел ғалымдарының зерттеулерінде» (2023) [1], «Забытые мыслители степи (IX-XX вв.)» (2021) [2], «Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразилер (X-XX ғ.)» (2022) [3] атты еңбектері қазіргі

уақытта тұлғатанудағы маңызды зерттеулер болып саналады. Тұлғатанудағы сондай құнды еңбектері орта ғасырлық тарихшы, ақын-жазушы, қолбасшы Мұхаммед Хайдар Дулати мұраларына арналған. Ұлы даланың арғы-бергі тарихындағы ғұламалар мен ағартушылар туралы шетелдік дереккөздерінен тың деректер жинақтап, ғылыми айналымға түсірген ол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, ғалымның «Тарих-и Рашиди» шығармасы, «Жаһан наме» дастаны туралы зерттеу еңбектерін жазып, халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда құнды баяндамалар жасады. Оның дулаттанудағы зерттеу-ғылыми еңбектері сан-салалы. Ғалымның айрықша еңбегі – М.Х.Дулатидің өмір кешкен жерлерін зерттеп, зиратын табуы. Алғаш рет ұлы тұлғаның өмірі және шығармашылығы жөнінде библиографиялық-анықтамалық көрсеткіш құрастырды [4]. Ақынның «Жаһан наме» дастанын көне түркі тілінен қазақ тіліне тәржімалап, ортағасырлық дастан туралы монографиялық зерттеу мақаласын жазды [5]. 2007 жылы «Қазақфильм» киностудиясы шығармашылық тобымен Үндістанда болып, оның ғылыми кеңесшілігімен деректі фильм түсірілді. Кейін тың зерттеулер және конференция материалдарымен толықтырып, библиографиялық-анықтамалық көрсеткіштің 2-басылымын шығарды [6]. Қазақстан ғалымдарының Дулати туралы зерттеулерін құрастырды [7]. Ғылыми гранттық жоба аясында «Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті руханият және ғылым қайраткері» атты монографиясын жазды [8].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тарихи тұлғаны тану-зерттеу – күрделі жұмыс. Онда уақыт пен кеңістіктің мәні ерекше. Ә.Дербісәлінің М.Х.Дулатидің өмірбаяны мен өмір жолының маңызды кезеңдерін, шығармашылығын зерттеуде бірнеше зерттеу әдістерін қолданғаны анықталды.

1. Зерттеушілік-сараптамалық әдіс. Зерттеуші алдыңғы кезекте шетелдік зерттеу еңбектері мен дереккөздеріне мән беріледі. Шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде түрлі көзқарастар мен шындықтан ауытқушылық барын анықтап, сараптамалық-салыстырмалы әдіспен тарихи шындықты анықтауға көңіл бөлінеді.

2. Тарихи-биографиялық және социологиялық әдіс. Тұлғаның өмір жолы мен тарихи кезең шындығын анықтауда шетелдік (әсіресе, үнді, парсы) және отандық зертеулерге терең талдаулар жасалады. Тарихи кезең шындығы, билік үшін соғыстардың тарихи тұлғаның жеке өмірі мен азаматтық көзқарастарына жасаған ықпалы көрсетіледі.

3. Экспедиция әдісі. Тарихи тұлға өмірінің маңызды кезеңдерін анықтауда оның болған тарихи орындарымен танысу жұмыстары жүргізілді. Мұның басты ерекшелігі – ол болған орындарды көзбен көріп, ауасымен тыныстау тарихи-әлеуметтік жағдайды, орта шындығын тереңірек тануға мүмкіндік берді.

4. Мәтінмен жұмыс әдісі. «Тарих-и Рашиди» тарихи-мемуарлық шығармасы мен «Жаһан наме» дастаны автордың өз өмірі, қоғамдық-саяси, дүниетанымдық көзқарастары жөнінде көп мәлімет береді. Мәтінді феноменологиялық әдіспен зерттеу арқылы тұлғаның діни-философиялық, жазушылық-танымдық және гуманистік көзқарастары туралы терең талдаулар жүргізіліп, ғылыми тұжырымдар жасалады.

Сондай-ақ салыстырмалы-тарихи, жинақтау, архив материалдарын қолдану, тағы басқа әдістер кеңінен қолданылады.

Талқылау мен бақылау. Ұлы тұлға туралы зерттеу жұмыстарының кең қарқынмен жүргізілуі, алдымен, еліміздің тәуелсіздік алуымен байланысты. Ә.Кекілбаевтың «Өз қазынамыздан өзіміз қол үзіп қалыппыз. Өз жақсыларымызды ағалаудың орнына, кей ретте кісі ағасын көбірек жағалап келіппіз», - деп, М.Х.Дулатиге қатысты айтуы тарихи шындық болатын [4, 74]. Оның есімінің, мұрасының туған халқына қайтып оралуын Әбу Насыр әл-Фарабидің мың жылдық салтанатынан кейінгі екінші бір ерекше жағдай деп білді.

Қазақстанда ұлы ғалым мұрасын жан-жақты зерттеуге беталыс 1999 жылы басталды. Оның туғанына 500 жыл толуы және мүшелтойының ЮНЕСКО-ның айтулы мерзімдері күнпарағына енгізілуі болды. 1996 жылы Әмір Темірдің 660 жылдығына орай Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институты тарихи тұлғаның «Тарих-и Рашиди»

атты классикалық шығармасын орыс тіліне аударып [9], оның республикалық «Санат» баспасының 1999 жылы қайта басып шығаруы дулатитану ғылымының өрістеуіне ашты.

XVI ғасыр перзенті, күрделі өмірінің әр кезеңдері Қашқарияда, Пәкістанда, Үндістанда, тағы басқа жерлерде өткен М.Х.Дулати зиратын анықтау жеңіл болмады. Үнді, парсы деректерінде дара тұлғаға қатысты арнайы зерттеу-жазбалар болған жоқ. Үндістан тарихына арналған Фиришта (1552-1624) еңбегінің «Кашмир билеушілері» атты тарауында [10] (Әбу-л Фазл ибн Мұбарак Әлламидің (1551-1602) «Ақбар наме» шығармасының «Мырза Хайдар жайлы қысқаша мағлұмат» деген тарауында [11] және тағы басқа еңбектерде өмірінің соңғы кезеңдері туралы қысқаша, әр түрлі мазмұнда айтылды. Бірі Кашмирде өлтіріліп, жерленді десе, бірі Әбдірашид ханның бұйрығымен Жаркентке жеткізіліп, сонда жерленді деген мәлімет келтірді. Ә. Дербісәлі дара тұлғаның өмірінің соңғы кезеңдері туралы көне деректерді салыстыра зерттеп, талдау жұмыстарын жүргізді. Ұлы тұлға зиратын іздеп, Қашғар, Пәкстан жерлеріне барды. Ақыры түрлі деректерді салыстыра зерттеу арқылы Үндістанның Кашмир өлкесінің Сринагар қаласындағы «Мазар-и салатин» көне қорымында жерленген деген қорытындыға келді.

Үндістан Республикасындағы Қазақстан елшісі, дипломат М.Тұяқбаев 1998 жылдың желтоқсан айында ғалымның ұлы тұлға зиратын іздеп Үндістанның Кашмир штатына келуін жас Қазақстан республикасының Тәуелсіздік алуымен байланыстыра сипаттап, «...мәдени мұраларын жинақтау тұрғысындағы қолға алған алғашқы ірі дипломатиялық акция болды» [12,38], - деп жазды.

Қазақстан елшісінің қатысуымен көптеген жұмыстар атқарылды. Біріншіден, Үндістанның Кашмир өлкесі әскери қақтығыстар жиі орын алып тұрған қауіпті аймақ болатын. Сондықтан мұнда келу көптеген қиындықтар туғызды. Екіншіден, М.Х.Дулати зиратын іздеп, мұнда бұрын-соңды ешкім келмеген. Үшіншіден, Үндістанда ислам дінінің таралуына ирандықтар мен арабтардан бұрын, Орталық Азияның сопылары басты рөл атқарды. Сондай-ақ түркі мұсылмандары өлген атақты тұлғаларының басына кереметтей мазар орнатып, оның іші-сыртын әшекейлейтін ирандықтардай емес, неғұрлым тұлға ұлық болған сайын оның бейітін соғұрлым қарапайым етіп, көп жағдайда үлкен бір тас қоюмен шектеліп жататындықтан, кейбір зерттеушілер Мұхаммед Хайдар мырза бейітін табу қиын, тіпті мүмкін емес деп пікір айтып жатты. Дегенмен, Кашмир университетінің профессоры Абд әл-Қаййум Рафики, тағы басқа ғалымдар қазақстандық зерттеушіге ықылас-пейілдерін танытып, оның зиратының «Мазар-и салатин» көне қорымында екенін білдіреді.

Ә.Дербісәлі көп ізденістің нәтижесінде Сринагар қаласындағы «Мазар-и салатин» қорымынан ұлы баба зиратын тапты. Оның басына қойылған құлпытастан: «Һууа-л бақи Мирза Хайдар гурган ибн Мирза Мұхаммед Хұсейін гурган, навас Юнус хан, халезад Бабур падишах, вазир Абу Саид хан – падишах Яркенд ва Моғұлистан...» деген сөздерді оқыды [8,25].

Ғалым кейін жергілікті кашмирліктер «Отбасылық зират» атап кеткен жерде жазуы жоқ тағы төрт құлпытастың болғанын, оның бірі жасөспірімге қойылған секілді көлемінің шағындығын айтып, жеткілікті көңіл бөле алмағандығына өкініш білдіреді. Сонда Мырза Хайдар құлпытасынан өзгелері кімдікі болды? Неге ол «отбасылық» деп аталған? Бұл сұрақтар ғылымда жұмбақ күйінде қалды, кейін М.Х.Дулати бейітін қайта жөндеуден өткізгенде, олар алынып тасталды.

Ғалым салыстырулар жасай отырып, Мұхаммед Хайдардың туған жері туралы тың қорытынды жасайды. Құлпытаста оның туған жері бұрын жазылып жүргендей Ташкентте емес, Орта Азияның Ферғана мен Самарқан арасындағы ежелгі қалалардың бірі Ұратөбеде туғандығы туралы жазуға көңіл аударады. Оның дәлелді негізін автордың «Тарих-и Рашиди» еңбегімен сабақтастыра келтіріп, ежелгі Ұратөбе қаласында дүниеге келген деген тұжырымға келеді [8, 26].

Екінші, құлпытаста жазылған Мир Саид Изатулланың ол «Кашмирді он жыл биледі» деген мәтініне назар аударып, асыл тұлға 1551 жылы емес, 1550 жылы қаза тапқан ба деп сұрақ қояды. Алыста жатқан қайраткер өмірінің деректерін нақтылауға атсалысты.

Ә.Дербісәлі алдыңғы кезекте М.Х.Дулатидің өмірбаяндық-библиографиялық көрсеткішін (1999) жасауды қолға алды. Оның басты себептерінің бірі Тәуелсіз Қазақстанда ұлы тұлға өмірін, шығармашылығын кең көлемде зерттеу енді қолға алынып жатқанда, әлемдік ғылымда XVII ғасырдан бастап оның есімі, өмірінің кейбір деректері тарихи жазбаларда (жоғарыда келтірілген Фиришта, Әбу-л Фазл Әллами т.б. еңбектерінде) айтылған. Еуропа жұртшылығы ғалымның «Тарих-и Рашиди» еңбегімен XIX ғасырда танысып, ғылыми айналымға енгізген. Ғалымның көп жылдық ізденісінің нәтижесінде тіркестіріп жинаған шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен жазбаларының, өзге де құнды деректердің көрсеткішінің жеке кітап болып басылып шығуы дулатитану ғылымының дамуына жол ашты. Көрсеткіш кейін толықтырылып, екінші рет (2018) басылды. Бірінші басылымда 450-дей жарияланым қамтылса, екінші басылымда олардың саны мыңнан асты.

Анықтамалық құнды дерек-мәліметтерімен маңызды. Даңқты тұлғаның өмірі мен шығармашылығы, «Тарих-и Рашиди» кітабы, «Жаһан наме» дастаны, ататек шежіресі (Ш. Уәлиханов кестесі), өмірі жайлы қысқаша хронологиялық көрсеткіш берілген. Ғұлама ғалымның әлем кітапханалары мен қолжазба қорларындағы еңбектерінің тізбесі көрсетілген. Ресейде «Тарих-и Рашидидің» әр алуан нұсқадан көшірілген – 5, Өзбекстанда – 1, Тәжікстанда – 1, Үндістанда – 5, Пәкстанда – 1, Иранда – 2, Англияда – 11, Францияда – 2, Германияда – 1 қолжазба нұсқалары – тұтастай алғанда, 9 мемлекеттің қолжазба қорларында сақталған. «Тарих-и Рашиди» еңбегі жазылғаннан бері XVI ғасырда 3 рет, XVII ғасырда 5 рет, XVIII ғасырда 3 рет, XIX ғасырда 12 рет көшірілген [13]. М.Х.Дулати еңбектерінің әр елдегі басылымдары, аудармалары, оның еңбектерін пайдаланып, ол жайлы пікір білдіріп, зерттеген ғалымдардың аты-жөндері, еңбек атауларының тізбесі берілген.

М.Х.Дулати мұрасы – әлемдік деңгейдегі зерттелу нысаны. Орталық Азия тарихын зерттеушілер «Тарих-и Рашиди» еңбегіне тоқтамай өтпейді. Өйткені мұндағы тарихи оқиғалар мен тұлғалардың деректері нақты, шындық саналады. Библиографиялық еңбектің құндылығы – анықтамалық сипаты. Оның жас зерттеушілерге әдіснамалық негіз, бағыт-бағдар екені сөзсіз.

Ә.Дербісәлі М.Х.Дулати өмірі, шығармашылығы, оның ұлт руханияты мен тарихына қатыстылығы жөнінде тыңғылықты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі көлемі шағын болғанмен, жинақталған, іздеп-тапқанын ғылыми қорытып, түйіп баяндаған мақаласы саналады. Мұнда шығарманың басты сипаттары жөнінде мол мағлұмат беріледі. Ғалымның жазбаларының ішіндегі ең мәндісі – халқымыздың тарихына қатысты нақты деректер. Дешті Қыпшақ әміршісі Әбілхайырдан көп қысым көрген Жәнібек хан мен Керей ханның одан бөлініп, Моғолстандағы Шу мен Қозыбасыға келуі, Есенбұға ханның оларды жылы қарсы алуы, кейін Әбілхайыр қайтыс болған соң, оның ұлысынан үдере көшкен елдің Жәнібек хан мен Керей ханға келіп қосылуы жайлы нақты баяндайды. Сөйтіп, қазақ сұлтандарының билік құра бастауы, Қазақ мемлекеттілігінің тарих сахнасы шығуы 870 (1465) жылдан басталды деп қорытады [6, 11].

Ғалым «Тарих-и Рашиди» еңбегінің тарихи құндылығымен қатар, әдеби-көркемдік ерекшеліктеріне айрықша мән берді. «Екінші дәптердің» тарихи-мемуарлық сипатта жазылып, онда сан қырлы суреттер мен эпитет, теңеулер, айшықты образдар мен сол заманда өмір сүрген ақындар мен ойшылдар, көрнекті сөз зергерлерінің шығармалары ғана емес, сондай-ақ автордың ойға толы өз жырлары ұшырасатынына көңіл аударды. Мұнда автор өзі көріп, куәсі болған, басынан өткен немесе естіген жайттар мен түрлі оқиғаларды қаз-қалпында баяндағанын, сол себепті оны әдеби-мемуарлық көркем прозаның туған әдебиет тарихындағы алғашқы үлгісіне жатқызуға болатынын білдірді [6, 13]. Ғалымның бұл ғылыми тұжырымы Үндістан ғалымы М.Хайдардың [9, 10], Иран ғалымы А.Мухаммадидің [14, 25], өзбек ғалымы А.У.Урунбаевтың [14, 31] ойларымен үндес болды. Бұл ғылыми-теориялық пайымдау кейін Ж.Дәдебаевтың [15, 342], М.Қазыбектің [16,9] ғылыми қорытындыларымен тереңдетілді.

«Тарих-и Рашиди» – XVI ғасырдағы Ислам руханиятына кең түсінік беретін күрделі шығарма. Осы ретте Ә.Дербісәлі М.Х.Дулатидің Әбу Ханифа мазһабын ұстанған, Иасауи тариқатына берік рухани ұстаздарына айрықша тоқталып, ғалымның мұсылмандық-гуманистік дүниетанымының негіздеріне жан-жақты талдау жасайды. Еңбекте Қасиетті Құран сүресі мен аяттарының молынан келтірілуі – автор дүниетанымының көрінісі деп қарастырады. Сондай-ақ діни дерек көздері мен Орталық Азиядан шыққан ойшылдар мен сопылар, қаламгерлер мен ақындар, көркемөнер өкілдері мен тағы басқа руханият тұлғаларына қатысты құнды мәліметтер келтіреді. Зерттеуші Маулана Мұхаммед қазының жас Мұхаммед Хайдардың бойына адалдық, әділдік, шыншылдық, туралық секілді адами қасиеттерді егіп, өзінің жүріс-тұрысымен, сөйлеген сөздері және іс-әрекетімен ислами, терең тәрбие бергенін атап өтеді.

М.Х.Дулати суфизмге үлкен құрметпен қараған. «Кашф әл-махжуб» кітабының авторы Әбу-л Хасан әл-Ғазнауи суфизмнің ірі теоретигі болды. Ә.Дербісәлі Абайдың ақыл, иман мәселелерін сөз ететін қарасөздерінің жазылуына ортағасырлық осындай діни еңбектердің әсері болғанын айтады [8, 43]. «Тарих-и Рашиди» туындысындағы өлең жолдарын талдап, оның сопылық, философиялық сарындағы еңбектер екенін анықтады.

Ә.Дербісәлі М.Х.Дулатидің «Жаһан наме» дастанының қазақ тіліне аударуға көп жылдық еңбегін арнады. Ол поэманы ежелгі түркі (шағатай) тілінен Берлин нұсқасы бойынша жолма-жол аудармасын және оны Қашғар нұсқасымен салыстыра ғылыми транскрипциясын жасады. Алғы сөзін жазып, сөздікті құрастырды. Түсінік, ескерту, аннотациясы мен көрсеткіштерін дайындады.

«Жаһан наме» дастанының қазақ тіліне аударылуы қазақ руханиятындағы зор жаңалық болды. Дастан туралы отандық ғалымдардың зерттеуіне жол ашты. Дастанның қазақ тіліне аударылуы сапалы, көркем шыққанын атап өткен жөн.

Ғалым дастан жөнінде «Жақсыдан қалған жәдігер» атты монографиялық зерттеу еңбегін жазды. Автор алдыңғы кезекте «Жаһан наме» дастанының табылуы тарихына тоқталып [17], ол жөнінде алғаш башқұрттың атақты түркітанушы ғалымы Ахмет Зәки Валиди Тоғанның шағын мақала жазғанын [18], оның пікірін кейін шығыстанушы ғалымдар қуаттағанын білдіреді [19].

«Жаһан наме» дастанының Қазақстанға жеткізілуінің өзі Ә.Дербісәлінің жанкешті еңбегінің арқасында жүзеге асты. Дастан Берлин кітапханасының қолжазба қорында сақталғандықтан, оның көп уақытқа дейін қолға тию мүмкіндігі болмады. Тек 1994 жылы Мюнхен университетінің оқытушысы Лидия Клетцель ханымның көмегі арқасында ғана көшірмесі Қазақстанға оралды. Дастанды аудару үстінде ғалым бірде Шыңжан өлкесіне іс-сапармен барып, «Жаһан наменің» Қашғар нұсқасының көшірмесін тауып, сәтімен елге әкелді. Қашғар нұсқасында шығарманың авторы «Айаз Шикаста» деп көрсетілген. Шыңжандық ғалымдар дастанның Берлиндік нұсқасымен және Ахмет Заки Валиди мақаласымен таныс болмаған.

Аудармашы-зерттеуші шығармаға жан-жақты талдау жасайды. Кіріспенің бірнеше тараушадан тұратынын, алғашқы 110 бәйітті құрайтынын білдіреді. Сонымен «хамд»-«мақтау» бөлімінде (1-14-бәйіттер) М.Х.Дулати Жаратушыны жырға қосып, 15-30 бәйіттерде хазреті Мұхаммед (с.а.ғ.с.) пайғамбар мен оның төрт серігіне (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлі) сипаттама береді. Ал 35-бәйіттен бастап «Тарих-и Рашиди» кітабының «екінші дәптерінде» айтылған өмір деректерін қысқаша өлеңмен жырлайды. Мұнда автор кітаптың жеті-сегіз тарауына жүк болған оқиғаларды он шақты бәйітке сыйғызған. Шығарманың жазылуы тарихы мен кезеңінен хабар береді.

Дастанның негізгі сюжеттік желісі 115-бәйіттен басталатынын айтып, үнді ертегі-дастандарының бірі негіз болған деп ой қорытады. Кейін шығыстанушы ғалым С. Қосан дастан аңыздарының «орта ғасырлық роман» атанған Зияаддин Нахшабидің «Тотынама» хикаяларынан алынғанын нақты салыстырулар жасай отырып анықтады. [20, 268].

Ғалым дастанның бас кейіпкерлері Фируз шаһ пен Назбой сұлудың өзгеше кездесу сәтіне тоқталып, аңыздың көркемдік қызметі мен сюжеттік байланыс-тартыстардың

туындайтын авторлық идеяға талдау жасайды. Поэманың басты қаһармандары Шаһсауар патша, Фируз шаһ, Назбой сұлу образдарының идеялық-көркемдік мәнін ашады. «Шығарманың негізгі тақырыбы адал да таза махаббат. Онда сүйген жарға, махаббатқа деген адалдық ту болып желбірейді», - деп баға берді.. Дастанда көтерілген проблемаларға қарап, кейде «Тағдыр наме» деп те атауға болатынын анықтады [21, 39].

Автор шығармасына өз заманының және өзіне дейінгі классикалық парсы және Орта Азияның түркі тілді әдебиетінің әсері жоғары болды. Лүтфидің «Гүл мен Наурыз» шығармасымен үндестігі айтылды. Сондай-ақ дастандағы оқиғалардың кейбір даму желісін автордың өз өмірінен алған болуы керек деген қорытындыға келді (аңыздағы екі дос хикаясы).

Зерттеушінің «Жаһан наме» дастанын зерттеудегі маңызды ізденісі – шығарманың тілдік сипатын талдауы. Бұл әлі күнге дейін ешкім бармаған тың тақырып. Сөздердің жиынтығын алып, бірсыпыра сөздердің ежелгі түркі сөздеріне, бірсыпырасының парсы, түркі-араб, парсы тілдерінде келетінін анықтайды. Дастан ұйқастарына көңіл аударып, қорытынды жасайды. «...Ұйқастардың шамамен 500-ден астамы (37,6%) парсы, 460-қа жуығы (34,6%) түркі, 370-ке тақауы (27,8%) аралас тілді болып келеді... Талдау «Жаһан наме» ұйқасында сөйтіп араб, парсы тілінің үстемірек екенін көрсетеді», - деген тұжырымға келеді [21, 46]. Ортағасырлық шығармаға тілдік-құрылымдық талдау жасау – күрделі ізденіс. Ғалым осы қиын жұмысқа батыл барды.

Ә.Дербісәлі М.Х.Дулати мұрасын насихаттауда ғылыми-эсселік жанрды таңдады. Ғылыми-эсселік жанрдың ерекшелігі ғылыми негізділігімен қатар, көпшілікке арналып көркем-әдеби тілмен жазылуы дер едік. «Мұхаммед Хайдар – көрнекті руханият және ғылым қайраткері» атты зерттеу еңбегінде «Кемеңгердің өмір жолы», «Ұлы ғалым ізімен», «Қайран, Кашмир!», «Бір үміт, бір күдік», «Жеңісті жылдар», «Бүлік. Сатқындық. Қаза», «Қайсы Ханпура?», «Мазар-и салатиндегі» бәйтерек» деп аталатын тараулардың кездесуі – осының көрінісі.

М.Х.Дулати – күрделі тағдыр иесі. Оның өмірінің соңғы жылдарын зерттеу, шындықты анықтау – қиын мәселе. Үнді, парсы зерттеушілерінің деректері әр қилы және кейде қарама-қарсы келіп жатады. Қайбір зерттеушілер оны басқыншы ретінде қарастырады. Әлі ашылмай жатқан архив материалдары болуы мүмкін. Мәселен, М.Х.Дулатидің замандастарымен (Бабыр патша, Саид хан, ағасы Сейіт Мұхаммед, Әбдірашид хан, Һұмаюн патша, Камран сұлтан, т.б.) жазысқан көңіл-күй, қызметтік хаттары болуы мүмкін. Олардың барлығы дерлік шетелдік архивтерде, қол жету мүмкіндігі қиын және тіл, стиль мәселесі бар. Сондықтан М.Х.Дулати мұрасын зерттеу шетелдік ғалымдармен бірлесіп атқаратын кешенді жұмыс болып табылады.

Ә.Дербісәлі – шетелдік ғалымдармен ынтымақтастықта жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлген ғалым. Соның бірі – Үндістандағы М.Х.Дулати зерттеушісі профессор Мансура Хайдар. Ғалым оның бірнеше мәрте Қазақстанға келіп, халықаралық ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасауына ықпал жасады. Үнділік зерттеушінің «М.Х.Дулати парсы тілді дереккөздерінде» атты еңбегінің [22] аударылуына, кітап болып жарыққа шығуына атсалысты. Мансура Хайдардың: «Хайдар Дұғлат шексіз батырлық иесі, физикалық және ақыл-ой күшіне бай, рухани жағынан тәуекелшіл ержүрек, жомарт және кеңпейіл жан еді» деген және өзге де маңызды ойларымен таныстырды [23,60-61].

Ғалымның маңызды зерттеулерінің бірі – «Кашмирдегі рухани қазына» зерттеуі. Онда «Тарих-и Рашиди» еңбегінің Кашмир университеті кітапханасы қорында сақталған ең көне қолжазбасымен бірге, Низами Ганджауидың, Фарид ад-Дин Аттардың, Румидің, Муслих ад-Дин Сағдидің, (Әмір) Хұсрау Деһлауидың, Хафиз Ширазидың, Атаидың, Жамидің қолжазбалар тізбесі берілді.

Қорытынды. Академик Ә.Дербісәлінің М.Х.Дулатидің белгісіз қырлары мол өмір жолы мен құнды мұрасын зерттеудегі және насихаттаудағы еңбегінің ұлттық ғылым мен руханиятындағы орны ерекше. Тұлғатанудағы оның кең көлемді қажырлы ізденісі мен салмақты зерттеу жұмыстары, «Жаһан наме» дастанын аударуы қазақтың тұңғыш

ғалымы Ш. Уәлиханов пен академик Ә. Марғұлан зерттеулерінің маңызды жалғастығы болды.

Ғалым еңбегінің тағылымы неде? Ол, ең алдымен, ұлт мүддесіне жанкештілікпен еңбек жасау болып табылады. 1970-1975 жылдары СССР Ғылым академиясы Мәскеу Шығыстану институтында аспирант, 1985-1986 жылдары докторант, 1997-2000 жылдары Сауд Арабиясы Корольдігіндегі Қазақстан республикасы елшілігінің кеңесшісі бола жүріп, шетел кітапханалары мен қолжазбалар қорындағы елімізге қатысты архивтік материалдарға ерекше көңіл аударды. Нәтижесінде көптеген құнды, сирек кездесетін тарихи, архивтік деректер жинады. Соның қатарында қазақтың дулат тайпасынан шыққан, көрнекті ғалым, ақын-жазушы, мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы М.Х. Дулати мұрасы болды. Сондықтан Қазақстан республикасының тәуелсіздігіне дейін-ақ ол XVI ғасырдың көрнекті тұлғасы туралы көптеген ізденіс жұмыстарын жүргізген. Сол себепті ғалымның зерттеулері көп жылдық, терең, салмақты еңбектер болып табылады. Кейінгі зерттеулерге ғылыми-теориялық және методологиялық негіз болып саналатыны сөзсіз.

М.Х. Дулати мұрасын зерттеуде ғалым шетелдік ғалымдармен тығыз ғылыми-шығармашылық байланыс орнатты. Мұның өзі ұлы тұлға еңбектерінің зерттелу аясын кеңейтті. Бұл алдағы уақытта да ескерерлік жағдай. Себебі ғалым мұрасының қолжазба көшірмелері әлемдік кітапханалардың қолжазба қорларында сақталған.

Ғалым еңбектерінің, өмір кезеңдерінің әлі зерттелуде қажетті мәселелері мол. Тұлғатану – ұлт тарихының, руханиятының көрінісі. Академик Ә.Дербісәлі еңбектерінің маңызы уақыт өткен сайын арта бермек.

Әдебиеттер

1. Әбу Насыр әл-Фараби қазақстан және шетел ғалымдарының зерттеулерінде / Жалпы ред. басқ. Ж.К. Түймебаев / Құраст. Ә. Дербісәлі. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 400 б.
2. Абсаттар Хаджи Дербисали. Забытые мыслители великой степи (IX-XX вв.) – Алматы: Аннұр Сапа, 2021. – 536 с.
3. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Араб, парсы деректеріндегі Тараз және таразилер (X-XX ғ.) – Алматы: Қазақ кітабы, 2022. – 336 б.
4. Дербісәлиев Ә. Мұхаммед Хайдар Дулати: Өмірбаяндық-библиографиялық анықтамалық. – Алматы, М.Х. Дулати қоры, 1999. – 160 б.
5. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: Дастан. – Алматы: Білім, 2006. – 432 б.
6. Дербісәлі Әбсаттар. Мұхаммед Хайдар Дулати: Өмірбаяндық- библиографиялық анықтамалық. 2-басылым, толықтырылып, өңделген. – Алматы: Өнер, 2018. – 320 б.
7. Әбсаттар қажы Дербісәлі (құрастырушы). Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде: Ғылыми жинақ. – Тараз: Сенім, 2020. – 372 б.
8. Дербісәлі Ә.Б. Мұхаммед Хайдар Дулати – көрнекті руханият және ғылым қайраткері: Монография. – Астана: Рухани құндылықтарды қолдау, 2018. – 260 б.
9. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. Ведение, перевод с персидского А.Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент: Фан, 1996. – 726 с.
10. J. Briggs and Mir Khairat Ali Khan Mushtaq. Tarikh-i Firishta. – Bombay (and Poona), 1831–1832. – 2 vols. – 1522 p.
11. The Akbarnama of Abu-l Fazl / translated from the Persian by H. Beveridge. Vol. I. – Delhi: Low Price Publications, 1993. – 724 p.
12. Тұяқбаев М. Мұхаммед Хайдар Дулатиді зерттеудегі Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы дипломатиялық қадамдары. Кіт.: Әбсаттар қажы Дербісәлі (құрастырушы). Мұхаммед Хайдар Дулати Қазақстан ғалымдарының зерттеулерінде: Ғылыми жинақ. – Тараз: Сенім, 2020. – 372 б.
13. Султанов Т.И. «Тарих-и Рашиди» Мирза Хайдара Дуглата (Литературная история памятника) // Писменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. – М.: Ежегодник, 1982. – С. 116-135.

14. Дулатитану белестері: Ғылыми жинақ / Құраст. С. Құлбарақ. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 320 б.
15. Дәдебаев Ж. Тараз өлкесі: монографиялық пайымдаулар, ойлар мен толғаныстар. – Алматы: Дәуір, 2013. – 404 б.
16. Қазыбек М. Ғалам таныған ғұлама. (М.Х. Дулати: қайраткер, ғұлама ғалым, жазушы) / Мұхтар Қазыбек. – Алматы: Дәуір, 2023. – 400 б.
17. Ahmet Zaki Walidi. Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat // Bulletin of the School of Oriental Studies (University of London). – Vol. VIII, Pt. 4. – London, 1937. – P. 985–989.
18. Туманович Н.Н. Сочинение Мирзы Мухаммеда Хайдара «Тарих-и Рашиди» как источник по истории киргизов и Киргизии. // Арабо-персидские источники о тюркских народах. – Фрунзе, 1973. – С. 62-66.
19. Қосан С. «Жаһан наме» дастанының сюжеттік желілері. Кіт. Дулатитану белестері: Ғылыми жинақ / Құраст. С. Құлбарақ. – Тараз: Тараз университеті, 2018. – 320 б.
20. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати (Аяз). Жаһан наме: Дастан. Құрастырған Әбсаттар қажы Дербісәлі. – Алматы: Білім, 2006. – 432 б.
21. Mansura Haidar (comp. and trans.). Mirza Haidar Dughlat as Depicted in Persian Sources. – New Delhi: Manohar, 2002. – 191 p.
22. Мирза Мухаммад Хайдар Дуглат в персидских источниках. Первоисточники переведены и представлены Мансурой Хайдар. Перевод с английского языка М.Мякишевой, А.Муртаза. – Алматы, 2010.

У. САМЕНКЫЗЫ,

Университет Мирас, Шымкент, Казахстан

С. КУЛЬБАРАК, Г. САМБЕТОВА

Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

НАСЛЕДИЕ М.Х.ДУЛАТИ В ИССЛЕДОВАНИИ АКАДЕМИКА А. ДЕРБИСАЛИ

Аннотация. В статье рассмотрены труды академика Абсаттара Дербисали по изучению жизни и творчества одного из видных представителей казахского народа XVI века, известного историка, поэта-писателя, талантливого ученого Мухаммеда Хайдара Дулати. С начала 90-х годов XX века, активно и непрерывно работая в дулатоведении, Абсаттар Дербисали вел свою работу по нескольким направлениям. Одними из первых были написаны познавательные-исследовательские статьи о труде «Тарих-и Рашиди», саге «Джахан-наме», сделаны доклады на международных научно-практических конференциях. В конце 90-х гг. А. Дербисали составил и издал библиографический справочник трудов Дулати. Он участвовал во множестве экспедиций по поиску могилы Мухаммеда Хайдара Дулати, нашел ее в древнем некрополе «Мазар-и салатин» в городе Сринагар (штат Кашмир, Индия). Сага «Джахан-наме» была переведена на казахский язык в сравнении с Берлинской и Урумчинской версиями. Написав обширную исследовательскую работу по саге, Абсаттар Дербисали составил и издал научный сборник «Мухаммед Хайдар Дулати в исследовании ученых Казахстана». Значение исследований Дербисали заключается в сравнении работ зарубежных ученых-исследователей наследия Дулати. Была проведена большая поисковая работа по обобщению материалов, касающихся последних лет жизни Мухаммеда Хайдара Дулати. В исследовательской работе описываются и анализируются труды академика А. Дербисали, касающиеся наследия М.Х. Дулати. В статье использованы биографические, сравнительно-исторические, феноменологические методы популяризации труда ученого.

Ключевые слова: М.Х. Дулати, исторический период и судьба, личностные исследования, биографический справочник, «семейное кладбище».

U.SAMENKYZY,

Miras University, Shymkent, Kazakhstan

S.KULBARAK, Q. SAMBETOVA

M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

THE HERITAGE OF M.KH. DULATY IN THE STUDY OF ACADEMICIAN A.DERBISALI

Annotation. The article considered the works of Academician Absattar Derbisali in the study of the life and work of one of the glorious children of the Kazakh people of the XVI century, the famous historian, poet-writer, versatile talent Muhammad Khaidar Dulaty. Since the beginning of the 90s of the XX century, he has been actively and continuously working in the direction of Dulaty studies in several directions. He was one of the first to write educational and research articles about the work «Tarikh-i Rashidi», the saga «Zhahan name», and made reports at international scientific and practical conferences. In the late 90s, Dulaty compiled and published a bibliographic reference book of his works and studies. He did a lot of research to find the grave of the great ancestor and found it in the ancient burial ground «Mazar-i Salatin» in Srinagar, Kashmir, Republic of India. He compared the Berlin and Urumqi versions of the saga «Zhahan namé», translated it into Kazakh, transcribed it, facsimile it and made it successful with the Kazakh readers. He wrote an extensive research work on the saga. After that, he compiled a scientific collection «Muhammad Khaidar Dulaty in the research of scientists of Kazakhstan». B. The importance of Derbisali's research compares the heritage of Dulaty with the works of foreign researchers and draws new conclusions. In particular, the great man conducted a lot of research work on the collection and analysis of materials related to the last years of his life and his death. He worked closely with Mansura Khaidar, a modern scientist in India, and contributed to the translation of his rich scientific works into archival materials. The research work describes and analyzes the works of Academician A. Derbisali related to this and other Dulaty heritage. The article uses biographical, comparative-historical, and phenomenological methods to demonstrate the scientist's work.

Keywords: M.Kh. Dulaty, historical period and fate, personal studies, biographical reference book, «Family Cemetery».

References

1. Äbu Nasyr äl-Farabi qazaqstan jäne şetel ğalymdarynyñ zertteulerinde / Jalpy red. basq. J.K. Tümebaev / Qürast. Ä. Derbisäli. – Almaty: Qazaq universiteti, 2022. – 400 b.
2. Absattar Haji Derbisali. Zabytye mysliteli velikoi stepi (IH-HH vv.) – Almaty: Annür Sapa, 2021. – 536 s.
3. Äbsattar qajy Derbisäli. Arab, parsy derekterindegi Taraz jäne taraziler (H-HH ğ.) – Almaty: Qazaq kitabı, 2022. – 336 b.
4. Derbisäliev Ä. Mūhammed Haidar Dulati: Ömirbaiandyq-bibliografialyq anyqtamalyq. – Almaty, M.H. Dulati qory, 1999. – 160 b.
5. Myrza Mūhammed Haidar Dulati (Aiaz). Jahan name: Dastan. – Almaty: Bilim, 2006. – 432 b.
6. Derbisäli Äbsattar. Mūhammed Haidar Dulati: Ömirbaiandyq- bibliografialyq anyqtamalyq. 2-basylym, tolyqtyrylyp, öñdelgen. – Almaty: Öner, 2018. – 320 b.
7. Äbsattar qajy Derbisäli (qūrastyruşy). Mūhammed Haidar Dulati Qazaqstan ğalymdarynyñ zertteulerinde: Čylymi jinaq. – Taraz: Senim, 2020. – 372 b.
8. Derbisäli Ä.B. Mūhammed Haidar Dulati – körnekti ruhaniat jäne ğylym qairatkeri: Monografia. – Astana: Ruhani qūndylyqtardy qoldau, 2018. – 260 b.
9. Mirza Muhammad Haidar. Tarih-i Raşidi. Vedenie, perevod s persidskogo A.Urunbaeva, R.P. Jalilovoi, L.M. Epifanovoi. – Taşkent: Fan, 1996. – 726 c.
10. J. Briggs and Mir Khairat Ali Khan Mushtaq. Tarikh-i Firishta. – Bombay (and Poonah), 1831–1832. – 2 vols. – 1522 p.
11. The Akbarnama of Abu-l Fazl / translated from the Persian by H. Beveridge. Vol. I. – Delhi: Low Price Publications, 1993. – 724 p.

12. Tūiaqbaev M. Mūhammed Haidar Dulatidi zertteudegi Täuelsız Qazaqstannyñ alǵaşqy diplomatıyq qadamdary. Kıt.: Äbsattar qajy Derbisäli (qūrastyruşy). Mūhammed Haidar Dulati Qazaqstan ǵalymdarynyñ zertteulerinde: Čylymi jinaq. – Taraz: Senim, 2020. – 372 b.
13. Sultanov T.İ. «Tarih-i Raşidi» Mirza Haidara Duglata (Literaturnaia istoria pamätnika) // Pismennye pamätniki Vostoka. İstoriko-filologicheskie issledovania. – M.: Ejegodnik, 1982. – S. 116-135.
14. Dulatitanu belesteri: Čylymi jinaq / Qūrast. S. Qūlbaraq. – Taraz: Taraz universiteti, 2018. – 320 b.
15. Dädebaev J. Taraz ölkesi: monografıyq paıymdaular, oilar men tolǵanystar. – Almaty: Däuir, 2013. – 404 b.
16. Qazybek M. Čalam tanyǵan ğūlama. (M.H. Dulati: qairatker, ğūlama ǵalym, jazuşy) / Mūhtar Qazybek. – Almaty: Däuir, 2023. – 400 b.
17. Ahmet Zaki Walidi. Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat // Bulletin of the School of Oriental Studies (University of London). – Vol. VIII, Pt. 4. – London, 1937. – P. 985–989.
18. Tumanovich N.N. Sochinenie Mirzy Muhammeda Haidara «Tarih-i Raşidi» kak istochnik po istorii kirgizov i Kirgizii. // Arabo-persidskie istochniki o türkских narodah. – Frunze, 1973. – S. 62-66.
19. Qosan S. «Jahan name» dastanynyñ süjettik jelileri. Kıt. Dulatitanu belesteri: Čylymi jinaq / Qūrast. S. Qūlbaraq. – Taraz: Taraz universiteti, 2018. – 320 b.
20. Myrza Mqhammed Haidar Dulati (Aiaz). Jahan name: Dastan. Qūrastyrǵan Äbsattar qajy Derbisäli. – Almaty: Bilim, 2006. – 432 b.
21. Mansura Haidar (comp. and trans.). Mirza Haidar Dughlat as Depicted in Persian Sources. – New Delhi: Manohar, 2002. – 191 p.
22. Mirza Muhammad Haidar Duglat v persidskih istochnikah. Pervoistochniki perevedeny i predstavleny Mansuroi Haidar. Perevod s angliskogo iazyka M.Mäkişevoi, A.Murtaza. – Almaty, 2010.

Авторлар туралы мәлімет:

Сәменқызы Ұлпан - философия докторы (PhD), Мирас университеті, Шымкент, Қазақстан.
Саменқызы Улпан – доктор философии (PhD), Университет Мирас, Шымкент, Казахстан.
Samenkyzy Ulpan – Doctor of Philosophy (PhD), Miras University, Shymkent, Kazakhstan.

Құлбарак Сәмен Оразғалиұлы – филология ғылымдарының докторы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің профессоры, Тараз, Қазақстан.

Кулбарак Самен Оразғалиевич – доктор филологических наук, профессор Таразского университета им.М. Х. Дулати, Тараз, Казахстан.

Kulbarak Samen Orazgalievich – Doctor of Philology, professor of Taraz University named after M.H.Dulati, Taraz, Kazakhstan.

Самбетова Гаухар – тарих магистрі, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, Тараз, Қазақстан.

Самбетова Гаухар – магистр истории, старший научный сотрудник Научно-исследовательского центра «Дулатоведение и история региона» Таразского университета имени М.Х.Дулати, Тараз, Казахстан.

Sambetova Qauhar – Master of History, senior researcher of the Research Center «Dulaty Studies and history of the region» of M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan.